


Республика бойынша 2019 жылғы 7 айдағы жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай


Қазақстан Республикасында инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты болып сипатталады. 2019ж. 7 айда республика халқының арасында 21 нозология бойынша, оның ішінде А,В,С паратифамымен, обамен, пастереллезбен, дифтериямен, паралитикалық полиомиелитпен, В типті гемофильді инфекциямен, сіреспемен, Ку қызбасымен, құтырумен, висцералды лейшманиозбен ауру жағдайлары тіркелмеген.

2018 жылмен салыстырғанда жұқпалы және паразиттік 51 ауру бойынша сырқаттанушылық төмендеді, оның ішінде: иерсиния энтероколитика тудыратын энтериттер 8,8 есеге, ботулизм 2,9 есеге, жіті вирусты гепатит 2,2 есеге (оның ішінде АВГ 2,39 есеге, ВВГ 46,5%-ға, СВГ 24,9%, ДВГ 3 жағд.), менингококк инфекциясы 48,8%-ға, ротавирустық энтерит 43,2%-ға, желшешек 29,8%-ға, сальмонеллез 26%-ға, бактериялды дизентерия 17,8%-ға, ДСВГВ 14,1%-ға, туберкулез 6,7%-ға, энтеробиоз 29,6%-ға, трематодоз 16,6%-ға, дерматомикоз 7,9%-ға **төмендегені байқалады.** (Сурет 1)



1 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар төмендеуінің 2018-2019 жж. 7 аймен салыстырмалы сипаттамасы.

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде республика бойынша мынандай сырқаттанушылық көрсеткіштері: қызылша 4658,8 есеге, көкжөтел 47%-ға, серозды менингит 37,4%-ға, скарлатина 17,5%-ға, созылмалы вирусты гепатиттер 5,8%-ға, (оның ішінде ДЖСВГВ 37,5%-ға, СВГС 23,8%-ға), іріңді менингит 7 жағд., Конго-Қырым геморрагиялық қызба 4 жағд., аскаридоз 1,8%-ға **артқандығы байқалады.** (Сурет 2)



2 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар өсуінің 2018-2019 жж. 7 аймен салыстырмалы сипаттамасы.

Талданып отырған кезеңде республика бойынша 2 қызамық, бір сібір жарасы, сырттан әкелінген 2 тырысқақ жағдайы және безгектің бір жағдайы тіркелген.

Жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында ауруды жұқтыру мен одан әрі дамытуға жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтау қажет:

- ✓ салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйықтау, таза ауада дем алу, белсенді демалыс, үйлесімді, дәруменге бай тамақтану), бұл кез келген инфекциямен күресуде организмге көмектеседі;
- ✓ сатып алынған өнімдердің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімін мұқият қадағалау қажет;

- ✓ жеке гигиена ережесін қатаң сақтау керек (тамақты дайындар алдында және тамақ ішердің алдында, жануарларды ұстағаннан кейін, дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу);
- ✓ тағам өнімдерін арнайы сатуға рұқсат етілген орындардан алу керек;
- ✓ шомылуға арналған арнайы орындарда ғана шомылу қажет;
- ✓ қайнатылған, бөтелкедегі немесе кепілдендірілген сапалы суды қолдану керек;
- ✓ тұрғын үйде үнемі тазалықты, жеке гигиенаны сақтап, балаларға қайнатылмаған сүт өнімдерін, шикі жұмыртқаны бермеу керек, тағам дайындауға тек балғын өнімдерді қолдану қажет;
- ✓ жәндіктердің шағуынан қорғау мақсатында жәндіктерді үркітетін және жоятын құралдарды (репелленттер мен Инсектицидтер) қолдану, сондай-ақ үй-жайларда міндетті түрде терезелер мен есіктерді желдету ұсынылады;
- ✓ қауіпті жұқпалы аурулар тіркелген елдерден қайтып келген кезде 21 күн ішінде өз денсаулығының жай-күйін бақылау, ал кез келген қызба ауруы, ішек инфекциясы, респираторлық немесе қандай да бір басқа симптомдар мен синдромдар туындаған кезде дереу дәрігерге бару, міндетті түрде барған мемлекеттің атауын ескерту ұсынылады.